

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 244-249.

ӘОЖ 613.287.58:339.133.4(574)(045)

ҚР ӨНДІРЕТІН СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ СҰРАНЫС ЖАҒДАЙЫ

*Нургазиева А.Ж., 1 курс магистранты
Юсупова Г.Т., PhD, аға оқытушы
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

ФАО мәліметтері бойынша, Қазақстан шамамен 5,5 млн тонна сиыр сүтін өндіріп, әлемдегі сүт өндірушілердің көлемі бойынша 22-ші орынды иеленді. Алайда, Қазақстанда ешкі сүтін өндіру бойынша деректер аз.

Ешкі сүті сөзсіз диеталық тағам, өйткені ол жоғары сапалы ақуыздың, майдың көзі, құрамында биоактивті және қабынуға қарсы қосылыстар бар. Ешкі сүті әйел сүтімен бір деңгейде, бірақ сиыр сүтінен айырмашылығы биоактивті қоректік заттардың, жасушалық өсуді ынталандыруға қабілеттіліктің, иммундық жүйеге айтарлықтай реттеуші әсері бар екенінде [1].

Нарықтық сұраныс тұрғысынан Қазақстанда сиыр сүті бағасы жағынан қол жетімді, әрі сиыр сүтін ірімшік, йогурт, май және балмұздақ сияқты көптеген сүт өнімдерін өндіру үшін қолданылатындықтан, ешкі сүті Қазақстанда ешкі жиі кездесетін ауылдық жерлерде ғана тұтынылады және ешкі сүтіне сұраныс қазіргі таңда азырақ болып тұр. Қазақстанда сиыр сүтін тұтыну халық тұтынатын жалпы санының шамамен 95 пайызын құрайды. 1 - кестеде халықтың сүт өнімдеріне деген қажеттілігі мен оларды тұтыну статистикасы келтірілген [2].

Кесте 1 - Халықтың сүт өнімдеріне қажеттілігі (сүтке қайта есептегенде) және оларды ҚР-да нақты тұтынуы көрсетілген

Атауы	2000	2005	2010	2011	2012	2013	2014
ҚР халқының саны, млн адам (статистика)	14,9	15,1	16,3	16,6	16,8	17,0	17,3
ҚР-да қабылданған норма бойынша сүт өнімдеріне қажеттілік*, мың т	3874	3926	4238	4316	4368	4680	4498
Ғылыми норма бойынша сүт өнімдеріне қажеттілік*,	6035	6116	6602	6723	6804	6885	7007


мың т							
Жылына жан басына шаққандағы сүт өнімдерін тұтыну (үй шаруашылығын тұтыну статистикасы)	235,2	189,6	204	228	221	228	225,6
Сүтке қайта есептегенде сүт өнімдерін тұтыну, мың т (статистика)	3510	2868	3325	3785	3713	3876	3903
импорттық өндіріс	346	591	889	866	924	878	950
ҚР-да қабылданған нормаға қол жеткізу деңгейі, %	91	72,5	78,5	87,7	85	82,8	86,8
Өз өндірісі есебінен ҚР-да қабылданған нормаға қол жеткізу деңгейі, %	82	58	57	68	41	44	66
Ғылыми нормаға қол жеткізу деңгейі, %	58	46,8	50,4	56,3	54,6	56,3	55,7

Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ресми сайтынан алынған мәліметтер

Кестеде деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасында өз өндірісінің есебінен сүтті тұтыну нормасына қол жеткізу деңгейі қазіргі уақытта 66% -ды, ал жалпы Қазақстан Республикасында қабылданған тұтыну нормасына қол жеткізу деңгейі 86,8% - ды құрайды. Бұл өз өндірісі есебінен сүтті тұтыну нормасынан 20,8% - ға төмен екенін көрсетеді. Қазақстанда жан басына шаққандағы сүтті тұтыну 1990 жылы 293 кг құрады.

Сол кезден кейін сүтті мал шаруашылығының эволюциясы шағын фермалардың кеңеюіне қарай жүруде. Жалпы фермаларда және шағын сүт фермаларында сүттің жанама өндірісі жойылуда. Оларды мамандандырылған, тиімдірек сүт өндіретін кәсіпорындар ығыстыруда [3].

Өнімнің нарықта тиімді жылжуын нақты білу үшін тұтынушылардың өнімді таңдауында қандай факторлар маңызды екенін анықтаған дұрыс. Таңдау факторларына сүйене отырып, өнімді таңдаудың әртүрлі модельдері бар сүт сатып алушылардың сегменттерін ажыратуға болады. Сондай-ақ, тұтынушының өнімдерін бәсекелестердің өнімдерімен салыстыру кезінде факторлардың маңыздылығын ескеру қажет. Бұл ақпаратты сүт және сүт өнімдерін тұтынушыларынан сұрау арқылы алуға болады. Тұтынушылардың сүтті таңдау факторларын қарап өтсек.




Сурет – 1. Сүтті таңдау факторлары

Сүтті таңдау факторларын білген соң, әрине тұтынушылар сүт өнімдерінің брендтері ішінен қайсы сегменттерге назар аударатынында білген жөн. Бәсекелестер арасындағы брендтің жағдайын түсіну үшін тұтынушылардың сүт өнімдерінің брендтері туралы хабардар болу көрсеткіштерін үнемі өлшеу маңызды. EIDala көрсеткіші тауар санатына байланысты тұтынушылардың ойына бірден қандай маркалар келетінін көрсетеді. Стихиялық хабардарлық көрсеткіші (нұсқаусыз) дүкенге барар алдында брендті таңдау ықтималдығын көрсетеді. Анықтамалық хабардарлық тұтынушының дүкендегі тауар сөресінің алдында тұрған кезде брендті тану процесін көрсетеді.




Сурет -2. Тұтынушылардың сүт маркалары туралы хабардар болу деңгейі

Сүт өнімдерінің маркалары туралы хабардар болу көрсеткіштерінен басқа, Маркаларды сатып алу тәжірибесінің көрсеткіштерін өлшеу маңызды.



Сурет -3. Тұтынушылардың сүт маркаларын сатып алу тәжірибесі

Тұтынушылардың сүт маркаларын сатып алу тәжірибесінен кейін, сүт өнімдерінің нарықтағы баға жағдайында көтерген дұрыс деп шештік. Өнімнің дұрыс бағасын белгілеу үшін тұтынушылар үшін қандай баға "қымбат" екенін білу керек, одан жоғары олар өнімді сатып алмайды.




Сурет - 4. 1 литр сүт үшін қолайлы максималды баға

Орташа есеппен 1 литр сүт үшін қолайлы баға 543,2теңгені құрайды.

Бағаны бақылау ауылдық тауар өндірушілерге қатысты қайта өңдеушілердің диктанттарын болдырмауға мүмкіндік береді және нарықтағы тұрақтылыққа, маркетингті ретке келтіруге, қаржылық тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді. Бағаны бақылау сонымен қатар өндіріс мәдениетінің жоғарылауын, жоғары сапалы өнім шығаруға деген ұмтылысты ынталандырады.

Қазақстанда сүт шаруашылықтар үш санатқа бөлінеді: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (АШК) 5%-ы бұрынғы колхоздар мен совхоздар; фермерлік шаруашылықтар (ФШ)-10%; жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) 85%. Сүтті мал шаруашылығын қайта түрлендіру кезеңінде өндірістің шамамен 90%-ы үй шаруашылығының түріне қарай жылжыды [4].

Сүт нарығын маркетингтік зерттеу барысында өнімді сатып алу сипаттамаларын анықтаймыз. Мысалы, қаймақ сатып алу жиілігі өлшеу тұтынушыларды қаймақ тұтыну қарқындылығы бойынша анықталады.



Сурет-5. Қаймақ сатып алудың жиілігі

Қаймақ сатып алудың орташа жиілігі - айына 4,8 рет екенін анықтадық.

Айта кету керек жайт, өз сүт өнімдерін өндіру есебінен нормаға қол жеткізу деңгейі 60%-дан аспайды, бұл Қазақстанның аса маңызды азық-түлік өнімі - сүт бойынша азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіретінін көрсетеді. Ал импортталатын концентрацияланған сүт (қатты және қоюландырылған түрде) және сары май отандық өнімдер болып саналатын сүт өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатынын да ескерсек, бұл отандық өнімдерді өндірудің қосарлы есебіне әкеледі, сондықтан нормаға қол жеткізу деңгейі, оның ішінде өз өндірісінің есебіненде аз шығады.

Сүт өңдеу байланысын талдау өнеркәсіп салаларының маңызды көрсеткіштері бойынша статистикалық есептіліктің болмауына және көптеген мәліметтердің дұрыс еместігіне байланысты қиындық тудырады. Тіпті табиғи өлшемдегі өнім туралы есеп беру шамадан тыс ұлғайтылған, бұл өнім шығарудағы құрылымдық өзгерістерді, өнімнің жаңа түрлерінің

динамикасын бағалауға мүмкіндік бермейді. Жалпы өнімнің көлемі үй шаруашылықтарындағы қосымша есептеу әдісімен анықталады, ал нақты көлем тек қаржылық емес корпорацияларды қамтиды.

Сапалы сүт мәселесі мемлекеттік маңызды міндет болуы керек, өйткені бактериялармен ластанған сүт халықтың денсаулығына қауіп төндіреді. Бұдан басқа, пәрменді мемлекеттік шаралар (ең алдымен, сүт сапасына үстемеақылар мен жеңілдіктер жүйесі) сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оларды экспорттауға мүмкіндік береді.

Еуразиялық одаққа қатысушы елдер 2010 жылы Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі туралы келісімге қол қойды, ол бойынша аграрлық саладағы дотациялардың рұқсат етілген деңгейі 10% - дан аспауға тиіс. Қазақстандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін «Агробизнес-2020» бағдарламасы әзірленіп, бекітілген болатын. Оны іске асыру кезінде АӨК-дегі дотация деңгейі 4,5 есеге өсті және салаға кемінде 10 трлн теңге жеке инвестициялар тартуға мүмкіндік берді [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Shadyarova Z., Kurmangaliyeva D., Yussupova G. et al. Digital Standardization as a tool for effective development of dairy products // International Journal of Advanced Trends in Computer Science and Engineering. – 2020. – Vol. 9(5). – P. 7517-7525.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – URL: http://stat.gov.kz/faces/homePage?_afrcLoop=33794961517868990

3. Қазақстан сүт одағының материалдары [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kapital.kz/info/molochnyj-soyuz-kazahstana>

4. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – URL: <http://mgov.kz/ministerstvo/statistika/>

5. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы [Электрондық ресурс]. – Астана. – URL: <http://business.gov.kz/ru/businesssupport-programs/detail.php?ID=50944>